

Абжалов Рамшад Садыковичтің 6D072000- «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Фотохимиялық процестерді қолдану арқылы химиялық қаптамалар технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшілерінің

ШҚІРІ

Абжалов Рамшад Садыкович 2017жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 6D072000- «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша докторантураға түсіп, оқудың толық курсы аяқтады.

Бүгінгі таңда дамыған мемлекеттерде диэлектрлік материалдар бетінде әртүрлі пайдалы қасиеттерге ие қаптамалар алу маңызды мәселе болып табылады. Себебі, диэлектрлік материалдар бетінде қаптамалар алу арқылы көптеген қасиеттер беруге болады және осы материалдардың қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мұндай қаптамалардың ішінде диэлектрлік материалдарды әсіресе мыс және күміс, никель қаптамаларымен қаптау өзекті мәселе. Қазіргі кезде диэлектрлік материалдардың беттеріне антикоррозиялық, каталитикалық, декоративтік және бактерицидтік қасиеттер беру мақсатында оларды мыс, күміс және алтын сияқты бағалы металдармен қаптайды. Мұндай қаптамалар химиялық синтезде, экологияда, медицинада, машина жасауда, электротехникада және халық тұтынатын тауарлар өндірісінде кеңінен қолданылады. Химиялық қаптамалар алудың бірнеше дәстүрлі әдістері бар. Алайда, дәстүрлі әдістердің өзіндік кемшіліктері де бар.

Диссертациялық жұмыс химия ғылымының маңызды саласының бірі химиялық қаптамалар алу, оның ішінде фотохимиялық процестерді қолдану арқылы мыс және күміс қаптамаларын алуды зерттеуге негізделген.

Диссертациялық жұмыс «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары бойынша Б-16-02-03 «Әртүрлі функционалды мақсатта қолданылатын композициялық қаптамалар» (2016-2020) Мемлекеттік бюджеттік тақырыбына сәйкес дайындалған.

PhD докторант Р.С. Абжаловтың диссертациялық жұмысының мақсаты - әртүрлі диэлектрлік материалдарға мыс және күміс қаптамаларын фотохимиялық жолмен енгізу технологиясының негізін әзірлеу, фотохимиялық ыдырау механизмін жасау және фотохимиялық жолмен алынған қабықшалардың физика-химиялық, механикалық және бактерицидтік қасиеттерін зерттеу.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу барысында жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде докторант Р.С. Абжаловтың тәжірибелерді жасаудағы кәсіби-ғылыми дағдылары көрініс тапты. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы бойынша фотохимиялық әдіс арқылы мыс және күміс қаптамаларын алу процесі жөнінде жаңа әрі тың мәліметтерге қол жеткізді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелер диэлектрлік материалдар беттерінде мыс және күміс қаптамалар алудың қолжетімді әрі тиімді әдісін жасаудың, сонымен қатар, бактерицидтік қасиеті жоғары қабықшалар алудың теориялық және практикалық маңызы жоғары екендігін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша алынған нәтижелер М.Әуезов атындағы ОҚУ «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасында оқу процесіне және өндірістік тәжірибеге енгізілген.


Докторант Р.С. Абжалов жұмысты орындау барысында тапқырлық пен табандылық, нәтижелерді талдау дағдылары мен ғылыми-практикалық мәселелерді шеше алу қабілетін көрсетті. Зерттеу жұмыстары М.Әуезов атындағы ОҚУ «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының «Электрохимиялық өндірістер технологиясы» зертханасында, Ташкент химия-технологиялық институтының «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының «Электрохимия» зертханасында, Сырдария университеті, инновациялық

ғылыми зерттеу орталығы, «Бактериология» зертханасында және «Ұлттық сараптама орталығы», Шымкент филиалының радиологиялық зертханасында жүргізілген.

Жалпы алғанда, докторант Р.С. Абжаловтың «Фотохимиялық процестерді қолдану арқылы химиялық қаптамалар технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясы өз бетінше дайындалған, аяқталған біліктілік жұмысы болып табылады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен ғылыми негізделген нәтижелері бар. Диссертацияның қорытындылары жеткілікті дәрежеде негізделген.


Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі, ғылыми құндылығы, зерттеу жұмыстарының орындалған көлемі, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануы толыққанды болғандықтан «Ғылыми дәрежелерді беру» ережелеріне сай келеді және 6D072000- «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Бейорганикалық заттардың химиялық
технологиясы» кафедрасының профессоры,
т.ғ.д., ғылыми жетекшісі




Сатаев М.С.

М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Бейорганикалық заттардың химиялық
технологиясы» кафедрасының доценті,
т.ғ.к., ғылыми жетекшісі



Кошкарбаева Ш.Т.

Ғылыми жетекшілер т.ғ.д., профессор
М.С. Сатаевтың және т.ғ.к., доцент
Ш.Т. Кошкарбаеваның қолдарын растаймын
М.Әуезов атындағы ОҚУ ғылым хатшысы,
т.ғ.к., доцент



Досыбеков С.К.